




# 2023 - 2025 жылдарға арналған «Қазақстандағы флавивирустардың таралуы және генетикалық әртүрлілігі» тақырыбындағы гранттық қаржыландырудың ғылыми жобасы

Жоба жетекшісі: Баракбаев К.Б., в.ғ.к.




## Мақсаты

Жобаның мақсаты Қазақстанда флавивирустардың таралуын бағалау, табиғатта флавивирустардың негізгі тасымалдаушыларын анықтау және осы вирустар тудыратын ауруларды эпидемиологиялық қадағалау стратегиясына түзетулер енгізу үшін елдің әртүрлі өңірлерінде вирустардың генетикалық әртүрлілігін анықтау болып табылады.



1-сур - Құстар мен кенелерден сынама алу орыны



## Міндеттері

1. Қазақстанда флавивирустардың таралуын анықтау.
2. Қазақстанда айналымдағы флавивирустардың генетикалық әртүрлілігін анықтау. ПТР-да оң сынамалар тізбектеліп, филогенетикалық талдау жүргізіледі. Нәтижесінде генетикалық әртүрлілік анықталып, еліміздің әртүрлі аймақтарында оқшауланған вирустар арасында генетикалық байланыс орнатылады.
3. Флавивирустарды бақылау алгоритмін әзірлеу

## Күтілетін нәтижелер

Осы жобаны орындау барысында алынған зерттеулердің нәтижелері бойынша WEB of Science базасының Science Citation Index Expanded және (немесе) Scopus базасында индекстелетін рецензияланатын ғылыми басылымдарда 2 мақала мен шолуды және ҒЖБССҚК ұсынған отандық басылымда 1 мақаланы жариялау жоспарлануда.